

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

сәулесінің энергиясы және жел энергиясы жан-жақты және қарқынды түрде пайдаланылатын болады. Соның нәтижесінде электроэнергияны қолданатын ғылыми мекемелер, өндіріс салалары дамиды да, Еліміздің экономикасы жоғары деңгейде болатын болады. Тек сонда ғана Қазақстан Республикасы әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру жоспары орындалады деп есептеймін [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә., «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ», Егемен Қазақстан. - №11, 18.01.2014ж.
2. Нұғманбекова Раушан, «Атом қуаты – адам игілігі», Егемен Қазақстан. - №125, 27.06.2014ж.
3. Назарбаев Н.Ә., «Қазақстан Республикасының ЭКСПО – 2017 Халықаралық көрмесін Астанада өткізу туралы шешім қабылдануына байланысты Қазақстан халқына Үнлеуі», Егемен Қазақстан. - №807 - 808, 07.12.2012ж.
4. Жылқыбай Жағыпарұлы. «Астана ЭКСПО – 2017», Егемен Қазақстан. – 10 шілде 2014ж.
5. Талғат Ермағияев., «Қазақстанның серпілісі үшін тың мүмкіндіктер», Егемен Қазақстан – 21 мамыр 2014ж.

УДК 336

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жахин Ануар Калкенович

anuar-08@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономикалық факультеті, «Қаржы» мамандығының магистранты,

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.д., профессор Сембиева Л.М.

Халықты әлеуметтік қорғауға жұмсалатын шығыстар мемлекет шығыстарының жүйесінде үлкен орын алады. Нарықтық қатынастарға көшу жағдайында халықты әлеуметтік қорғау басым бола бастайды және тұтыну тауарлары мен қызметтер көрсетуге бағаның өсуіне байланысты, сондай-ақ инфляцияның және ақшаның құнсыздануының нәтижесінде өседі. [1]

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшу салдарынан үлкен әлеуметтік-экономикалық мәселелер пайда болды. Қазіргі уақытта ол мәселелер шешімдерін табуда, бірақ жалпы жағдайды алғанда әлі де экономикалық тұрақсыздық (тұрақсыз экономикалық өсім), әлеуметтік қабаттар арасында теңсіздіктің өсуі және халықтың көп бөлігінің өмір деңгейінің төмен болуымен сипаттауға болады. Әрине бұндай жағдай қазақстандық әлеуметтің кризистік халін көрсетеді. Бүгінгі күні жалпы кедейшілік және халықтың үлкен бөлігінің әлеуметтік қорғалмағандығы көрінеді.

Әлемдік және мемлекетіміздің тәжірибесі көрсеткендей кризистердің теріс ықпалы және ауырталықтары ең алдымен аз қорғалған халық тобына тиеді. Сондықтан әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау механизмдері мемлекеттік реттеудің ең басты және қажетті элементтері болуға тиіс.

Әлеуметтік бағытталған қалыптастыру үстіндегі Қазақстанның нарықтық экономикасының ең үлкен міндеті болып қоғамның барлық топтарын әлеуметтік қорғау және эффективты әлеуметтік саясатты құру болып табылады.

Осы орайда дамыған мемлекеттердің нарықтық экономикаға қатысу тәжірибесін қарастырып, оның ішінде халықты әлеуметтік қорғау саласында және осы тәжірибені Қазақстанда қолдану мүмкіншілігін қарастыру қажет. [2]

Қоғам дамуының әлеуметтік бағытталған жүйесін мойындау 1929-1933 жж. орын алған әлемдік дағдарыстан кейін басталды. Осы процестің жандануына үлкен септігін тигізген ол атақты ғалым Д. Кейнстің экономиканы мемлекеттік реттеу теориясы болып табылады. Д. Кейнс алғашқы болып мемлекеттің экономикаға қол сұқпауынсыз экономика әлсірейтінін қарастырды. Осы модель шеңберінде мемлекет монетарлық құрылымға сырттан емес, банктік жүйе және жалпы нарықтық субъектпен қатар оның ірі макро субъектінің бірі болып қарастырылады. Ал басты нарықтық механизм ретінде Кейнс қоғамдық психологияны атады.

Қазіргі уақыттағы барлық теоретикалық концепциялар қалай болғанда да Кейнс теориясымен, оны дамыту немесе теріске шығару негізінде байланысты. Олардың ішіндегі кейбір теоретикалық концепциялар 20 ғасырдың екінші жартысында соғыстан кейінгі дағдарыс жағдайында табысты жүзеге асырылған болатын. [3]

Айтып кететін болсақ, ФРГ-нің екінші канцлері, ғалым және саясаткер Л. Эрхард 20 ғасырдың 50-60 жж. мемлекетте ауқымды экономикалық реформа өткізді, осы реформа арқылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын толығымен өзгертті, кейіннен тарихта «германдық экономикалық керемет» деген атқа ие болды. Эрхардтың теоретикалық көзқарастары «әлеуметтік нарықтық шаруашылық» негізінде қалыптастырылды, кейіннен ол мемлекеттік доктрина дәрежесіне көтерілді және экономикалық бағдарламаның негізі болды.

«Әлеуметтік нарықтық шаруашылықты» тереңнен зерттегенде Эрхардтың әлеуметтіліктің табиғатты түсінудің негізгі бес қағидасын бөліп қарастыруға болады.

Эрхард түсінігіндегі әлеуметтілік табиғатынын алғашқы және басты принциптерін келесідей жүйелеуге болады: нарықтық экономика өз-өзінен әлеуметтендірілген болып табылады. Ол өз азаматтарының өмір деңгейінің жақсылығына күштар мемлекет үшін, осы мақсатқа жету жолында, нарықтық механизмдердің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуден асқан құрал жоқ екендігін айтты. Басқаша айтқанда, нарықты қуаттау және дамыту мемлекеттің басты қаруы деп айтуға болады.

Эрхард түсінігіндегі басты қағидаға тоқталатын болсақ, Қазақстандағы нарықтың механизмдері әлі тиісті жетілмегендігін айтып кетуге болады. Сонымен қоса әлеуметтік қамсыздандыру саласында халықтың менталитетіне де назар аудару керектігін айтып кету қажет. [4]

Эрхардтың екінші қағидасына сәйкес әлеуметтік бағдарламаның тиімділігі әлеуметтілік қайырымдылықтың деңгейімен немесе мемлекеттік қайта бөлу саясатымен, қаржыны тартып алып оны халыққа әлеуметтік көмек ретінде беру арқылы есептелмейді. Эрхардтың ойы бойынша табыстың көп бөлігі салықтар және әлеуметтік қажеттіліктерге жарналарға емес, алушының қолында қалуы тиіс.

Үшінші қағида логикалық түрде екіншіден туындайды. Дұрыс түсінілген әлеуметтік саясат индивидтың ұстанымының жарыстың басында қалай күшейтуге бағытталған болса, жарыстың барысында да солай болуы тиіс. Осыған орай, білім, мамандық алу, меншікке иелік ету, материалдық әлеуметтің жоғары деңгейіне жету, ақшалай қаражаттарды жинау және кепілдік алу мүмкіндіктері инфляция нәтижесінде жойылмауы әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттары болып табылады. Л. Эрхард өмірлік деңгейдің өсуі мемлекеттік әлеуметтік саясатының басты соңғы мақсаты болып табылады деп санаған. «Бұл саясат, - деп ол мәлімдеді, - халыққа ұзақ ілгері дамуының барысында толық, оның тұтынуына, өмірлік деңгейінің жоғарылауына өте жақсы әлеуметтік, өте жақсы экономикалық, өте жақсы саяси әсер етуіне қол жеткізуді ойлайтын ... әлеуметтік болып табылады».

Төртінші қағида келесіден құрылған: әлеуметтік қамтамасыз ету саласының мөлшері қоғамдық байлықтың және халықтың әлеуметінің жоғарылауы шегінде кеңеймеуі тиіс, ал керісінше қысқаруы керек. Мемлекет тарапынан әлеуметтік қайырымдылық – өзінің әлеуметін қолдай алмайтын халықтың басым бөлігінің кедейлігімен байланысты уақытша көрініс.

Л. Эрхард қоғамның және оның адамдарының өмірлік деңгейінің өсуі шегінде әлеуметтік көмек көрсету жүйесінде орта және ауқатты тобы автоматты түрде мемлекет

тарапынан әр түрлі жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерден құқықтары айырылуы тиіс деп саналды.

Мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек нысаны болып тек қана қолдауға мұқтаж кедейлер ғана емес және ең төмен күнкөріс деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқтар болуы тиіс. Алайда, Л. Эрхардпен әлеуметтік көмек кедейлерді тұрақты қамтамасыз ету емес, ал қолайсыз өмірлік жағдайда, өздігінен оны өткеруге жәрдемдесуге («өзіне көмек үшін көмек беру») қолдау көрсету ретінде қарастырылған. [5]

Л.Эрхардпен әлеуметтік көмектің екі тобы бөлінеді:

- өмірді қолдау үшін көмек;
- айрықша өмірлік жағдайлардағы көмек.

Осыған орай, төртінші қағида – бұл әлеуметтік қамтамасыз етудің сапалы жүйесін ұйымдастыру қағидасы: қоғам неғұрлым бай болса, онда мемлекеттен әлеуметтік игілікті алушылардың неғұрлым аз болады.

Бесінші принцип мәні бойынша әлеуметтік нарықтық шаруашылық тұғырнаманың негізгі бір постулаты болып табылады. Ол мынаны айтады: экономикалық еркіндік әлеуметтік теңестірумен сай болу керек. [6]

Ондай болмаған жағдайда зейнеткер үшін әлеуметтік әділдік жұмыс істейтін халық бөлігі мен оқитын жастар үшін әлеуметтік әділетсіздікке айналады. Бұл сұрақ бойынша Л. Эрхард көмегінің мәні сөйлеммен анықтауға болады. «зейнеткерлерді Майоркаға демалысқа жібергенше, жастарға жақсы білім беру». [7]

Реформа кезінде зейнетақы мен басқа мемлекеттік төлемақылар бірнешеге көбейді.

Осы моделді қарастырған мақсатым ол Эрхардтың әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы зерттеулері қазіргі уақытқа да актуалды болып табылатындығы. Оны Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне мемлекетіміздің экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып қолдануға болады. Қазіргі уақыттағы осы салада жүргізіліп жатқан саясатта икемділік жетіспей жатыр, ал Эрхардтың еңбектерінде осы саясатты жүргізу бойынша толыққанды зерттеу нәтижелері бар. Еуропа «локомотиві» болып табылатын Германияда соғыстан кейінгі дағдарыстан секілді елде жемісін берген модельдің Қазақстанда қолданудың болашағы бар.

Қолданылған әдебиет:

1. Д.Ә.Жампейісов – «Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы» оқулығы
2. Берешев С. «Еңбекпен қамтудың ерекшеліктері» // Қазақстандағы еңбек .-2004 жыл. 4-8 беттер
3. Булатов А. С. «Өтпелі экономика кезеңінде еңбек ақыны реттеу» //Қазақстандағы еңбек // . -2004 жылғы .-01. 7-10 беттер
4. Смирнов С, Исаев Н. Социальная политика: новый курс. //Вопросы экономики.-2006.- №2.- с.21-26.
5. «Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы» 2001 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.
6. Самуэльсон П. Экономика Т.1.М.: НПО «Алгон», 1992.
7. Социальная работа /Под общей редакцией В.И. Курбатова. Серия «Учебники, учебные пособия» - Ростов-на-Дону: Феникс, 2004.- 320 с.